

ХАТТАМА № 2

3 ақпан 2026 ж.

«Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің кеңейтілген отырысы (8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы», 8D07111 – «Машина жасау өндірісін цифрландыру», 8D07102 – «Аддитивті өндіріс», 8D07113 – «Аддитивті өндіріс», БББТ D103 – «Механика және металл өңдеу»)

Төраға: К.К. Елемесов, т.ғ.к., профессор

Ғылыми хатшы: Д.Д. Басқанбаева, доктор PhD, қауымдастырылған профессор

Қатысқандар:

Төраға - К.К. Елемесов, т.ғ.к., профессор;

Төрағаның орынбасары - Б. Н. Абсадыков, т.ғ.д., профессор.;

Ғылыми хатшы - Д. Д. Басқанбаева, PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

Диссертациялық кеңестің мүшесі – Ж.Б. Тошов, PhD докторы.

Докторанттың отандық ғылыми кеңесшілері – Дудкин М.В, т.ғ.д., профессор, Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (онлайн), Кадыров Ж.Н, т.ғ.к., профессор, Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі - Млынчак Марек (Mlynczak Marek), профессор, Dr. hab. Eng, Wrocław University of Science and Technology, Польша.

Докторант: Г.Б. Тлеужанова.

Қатысты - кеңестің барлық мүшелері.

Келмегендер – жоқ.

Кворум бар.

Төраға. Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, бүгінгі отырысқа кеңестің барлық мүшелері қатысуда. Кворум бар. Кеңес жұмысын бастау туралы ұсыныс бар.

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

Кеңес мүшелерінде күн тәртібі бар. Күн тәртібін бекіту үшін кім келіседі?

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Докторант Г.Б. Тлеужанованың докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау және қорғау күнін бекіту үшін берген өтінішін қарау;

2. «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 Ережесіне сәйкес 2.3-тармақтың талаптарына сәйкес диссертациялық Кеңестің (бұдан әрі-ДК) уақытша мүшелерінің кандидатураларын қарау;

3. Докторант үшін ұсынылған ресми рецензенттердің кандидатураларын 029-03-04-02.2.02-2024 Т Ережесіне сәйкес қарау;

ТЫҢДАДЫ:

Бірінші мәселе бойынша т.ғ.к., профессор, кеңес төрағасы К.К. Елемесов сөз сөйледі. ҚР БҒМ 31.03.2021 ж. бұйрығымен бекітілген №126-шы бекітілген (14.06.2024ж. ҚР ҒЖБМ №294 бұйрығына сәйкес өзгертулер енгізілген) Диссертациялық Кеңес туралы жаңа Үлгілік ережеге сәйкес біз «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша докторанттың өтінішін қабылдаймыз. «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 ережесіне сәйкес диссертациялық жұмыс тақырыбы «Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станок құралдарының жанасуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматты жүйесін әзірлеу» ізденуші Гульнур Болатханқызы Тлеужановадан қорғауға қабылдау және қорғау күнін бекіту үшін өтініш түсті.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Басқарма Төрағасы – ректор С.Ж. Рахметуллинаның SATBAYEV UNIVERSITY Басқарма Төрағасы – ректор М.М. Бегентаевқа 8D07102 – «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға Тлеужанова Гульнур Болатханқызының «Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станок құралдарының жанасуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматты жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы докторлық диссертациясын «Машина жасау» бағыты бойынша Диссертациялық кеңес (БББТ D103 – «Механика және металл өңдеу», БББТ D113 Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы) диссертациялық кеңесінде қорғау бойынша мәселесін қарастыру өтінішінің ресми үндеуіне байланысты.

Берілген өтініш пен тиісті құжаттар топтамасын ұсынуға арналған сөз ДК-тің ғылыми хатшысына ұсынылады.

Ғылыми хатшы Д.Д. Басқанбаева сөз сөйлеп, ДК – да берілген құжаттардың тізбесін жариялап, докторант берген құжаттар «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ және ДК» КЕАҚ 029-04-01-03.2.02-2023 Т. ережелерімен қойылатын тізбе мен талаптарға сәйкес келетіндігін, докторанттың диссертациясын қорғау жөнінде Г.Б. Тлеужанова жайлы ДК шешім қабылдай алатынын атап өтті.

Диссертациялық кеңеске докторант келесі құжаттарды ұсынды:

- диссертациялық кеңес төрағасының атына диссертацияны қорғауға қабылдау туралы өтініш;

- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің жұмыс орны бойынша куәландырылған пікірлері. Шетелдік кеңесші пікірінің аудармасы нотариалды түрде куәландырылуы тиіс. Мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертациялар үшін — отандық кеңесшінің пікірі;

- диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы (он қорытындысымен және қорғауға ұсынысымен), ол докторант білім алған ЖЖОКБҰ-ның (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы) жетекшілік ететін проректорымен бекітілуі тиіс;

- қатты мұқабадағы диссертация 3 (үш) данада және электрондық тасымалдағышта (CD-диск) (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалатын болса);- диссертацияны қорғауға қабылдау туралы диссертациялық Кеңес төрағасының атына өтініш;

- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациялар. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу, ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік

бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы көрсетіледі;

- докторант білім алған ЖЖОКБҰ-ның бас ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және жарияланымдардың көшірмелері;

- докторант білім алған жоғары оқу орнының Этикалық комиссиясының қорытындысы (ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде, соның ішінде зерттеу объектілерінің (жанды табиғат объектілері мен қоршаған ортаның) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, бұзушылықтардың жоқтығы туралы).

Диссертациялық жұмыс үш тілдің бірінде: қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 2.2-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

Екінші мәселе бойынша Төраға т.ғ.к., профессор Елемесов К.К. жаңа ережелер бойынша ДК құрамына ғылыми дәрежесі бар және осы ДК саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, докторанттарды даярлау бағытымен сәйкес келетін, сондай-ақ Clarivate Analytics компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 5 жарияланым бар кеңестің уақытша мүшелері кіретінін атап өтті (Web of Science) және/немесе Scopus және Хирш индексі кемінде 2 ден жоғары.

ШКІРТАЛАС:

Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері уақытша кеңестің үміткерлерінің кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін осы талаптарға сәйкес келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

1. Бекмырза Жұмаш Айтжанұлы - PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай облыстық университеті (Қостанай қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 2.

2. Ибрагимова Зәуре Асылбекқызы – PhD, «Механика және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Шымкент қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 4.

3. Джомартов Асылбек Абдразакович – т.ғ.д, Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтының эксперименттік зерттеулер зертханасы. (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 6.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісті – барлығы;

Қарсы – жоқ.

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы, т.ғ.к., профессор Елемесов К.К., сөз сөйледі. Жаңа талаптарға сәйкес біз диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерін қарап, таратуымыз керек. Докторанттың зерттеу саласында кемінде 5 (бес)

ғылыми мақаласы бар бейіні бойынша дәрежелі мамандардың кандидатураларын беруіңізді сұраймын.

ШКІРТАЛАС:

Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерінің кандидатураларын талқылады. Осы талаптарға сәйкес талқылаудан кейін келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

Докторант Г.Б. Тлеужанова «Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станок құралдарының жанасуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматты жүйесін әзірлеу» тақырыбы бойынша келесі мамандарға ұсынылсын:

1. Нұғман Ерік Зейнелұлы - PhD докторы, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі, Ө. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты, Satbaev university (Алматы қ.)

2. Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.)

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісемін – барлығы;

Қарсы – жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Г.Б. Тлеужанованың докторлық диссертациясын қорғау 2026 жылдың 12 наурыз сағат 16:00-де Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде 050013, Алматы қ., Сәтбаев к., 22, Тау-кен металлургия корпусы, 271 ауд. Мекен-жайы бойынша өтеді, сонымен қатар онлайн форматқа қатысу үшін сілтеме:

<https://teams.microsoft.com/l/team/19%3ag6AUpp1IWofxuL00JJpW5jNsaM7Wk1HeuuhD1cQoA1%40thread.tacv2/conversations?groupId=e6b22054-31de-4384-b9be-a69705eeb881&tenantId=49cc33db-453b-4ada-aaee-63c5dcd64f9c>

2. 8D07102 – «Машина жасау» мамандығы бойынша Тлеужанова Гульнур Болатханқызы үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері бекітілсін:

1) Бекмырза Жұмаш Айтжанұлы - PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай облыстық университеті (Қостанай қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 2.

2) Ибрагимова Зәуре Асылбекқызы – PhD, «Механика және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Шымкент қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 4.

3) Джомартов Асылбек Абдразакович – т.ғ.д, Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтының эксперименттік зерттеулер зертханасы. (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 6.

3. Докторант үшін ресми рецензенттер бекітілсін:

Докторант **Г.Б. Тлеужанова** ресми рецензенттер:

1) Нұғман Ерік Зейнелұлы - PhD докторы, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі, Ө. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты, Satbaev university (Алматы қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 8 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -3.

2) Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -2.

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

«Машина жасау, машиналар мен
жабдықтардың цифрлық инженериясы»
бағыты бойынша Диссертациялық
Кеңестің Төрағасы, профессор



К.К. Елемесов

Ғылыми хатшы

доктор PhD, қауымдастырылған профессор



Д.Ж. Басқанбаева